


4-BETTER



АСТЫҚ ЖИНАУ НАУҚАНЫ ҚАЛАЙ ӨТУДЕ?

Мандай тердің өтеуі

Рас, қыста картоп пен сәбіз бағасы шарықтайды. Сондықтан бағаны тұрақтандыру мақсатында өзіміздің жерден шығатын өнімдердің мол болғаны абзал.

Ауыл шаруашылығы министрінің сөзіне сүйенсек, республика бойынша астық сақтау көлемі – 30,7 млн тонна. Лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына жаңа егіс астығынан 3,1 млн тонна астық келіп түскен. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен 2 есе артық.

– Осы жылдың 8 айында тамақ өнімдерін өндіру 10,1%-ға артып, 2,5 трлн теңгені құрады. Бидай өнімі былтырғы деңгейде болмақ. Күріштің де жалпы өнімі өткен жылдың деңгейінде немесе 500 мың тоннадан аспақ. Бұл ішкі сұранысты толық жабуға және экспортты сақтауға мүмкіндік береді. Қарақұмық өндірісі шамамен 90 мың тоннаны құрайды, бұл өнімділіктің артуы есебінен халық қажеттілігінен асып түседі. Жалпы, дәнді дақылдар өндірісінің көлемі ішкі қажеттіліктен 6 есе жоғары, бұл нарықты қайта өңделген өнімдермен толық қамтамасыз етуге кепілдік береді. Картопты 2,7 млн тонна көлемінде жинау ойда бар, оның 1,8 млн тоннасынан астамы жиналды. Шаруаларда құны киосына 90–120 теңгені құрайды. Сондай-ақ 700 мың тоннадан астам пияз жиналды, киосына 50–60 теңгеден

сатылады. Шаруаларда 300 мың тонна көлемінде қор қалыптастырылды. 300 мың тонна сәбіз жиналды, фермерлерде бір киосы 85–95 теңгеден болатын, шамамен 100 мың тонна сәбіз бар, – деді Ауыл шаруашылығы министрі.

Егін жинау мерзімінен кешікпеуі керек

Сыр өңірінде күзгі науқан кезіндегі жұмыс қызу. Шаруалардың еңбектерін жауын-шашынға қалмай, уақытында жинап алу ортақ міндет. Осы мақсатта аймақ басшысы тиісті сала басшыларына тапсырма берді.

– Өздеріңізге белгілі, биыл өңірімізде вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтті. Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің қолдауының арқасында көршілес мемлекеттермен қажетті су көлемін жеткізу бойынша нәтижелі келіссөздер жүргізіліп, нақты шаралар қабылданды. Өңірімізде егін жинау жоспар бойынша қазан айының 15-нен кешікпей аяқталуы тиіс. Қала, аудан әкімдіктері, жұмысты мерзімінде бітіруге күш салу керек. Ол үшін шаруашылықтарды қажетті дизель отынымен толық қамтамасыз ету маңызды. Бүгінде күзгі егін жинау жұмыстарына бөлінген 10400 тонна арзандатылған дизель отынының 5500 тоннасы жеткізілген. Дегенмен, шаруашылықтардың дизель сатып алу көрсеткіштері әлі де төмен. Қала, аудан

әкімдіктері, мәселені қатаң бақылауға алып, қыста шаруашылықтардың толық есептесуін ұйымдастырыңыздар. Бөлінген дизель отыны игерілуі керек. Мемлекет басшымыздың тапсырмасына сәйкес күршіті кезең-кезеңімен оңтайландырып, суды аз қажет ететін өзге дақылдардың көлемін арттыруымыз қажет. Егін шаруашылығын әртараптандыру, су үнемдеу технологиясын кенінен енгізу – заман талабы. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес 2026 жылға су үнемдеу технологияларын мемлекеттік қолдау шараларына облысымызға 9 млрд теңге қаржы бөлінді. Бұл – бұрын-соңды болмаған қолдау. Осының арқасында егіс құрылымын әртараптандырып, оның ішінде су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемін ұлғайтуымыз керек. Оның ішінде, күршіті тамшылатып суару әдісімен егуді қолға алуға тиіспіз, – деді Н.Нәлібаев.

Ал, қала бойынша қазіргі уақытта шаруашылықтар жонышқа орымын аяқтап, шөп дайындау жұмыстарын атқаруда. Бау-бақша өнімдері де межелі уақытында жиналуда. Осы уақытқа дейін күріштің 1 275 гектары орылып, 1024 гектары бастырылған. Орта өнім 52 центнерден келуде. Егін жинауға қажетті жанар-жағар май жеткілікті деңгейде. Қалалық дикандар күн райына қарамастан, егінді мүмкіндігінше шығынсыз жинап алуды мақсат етуде.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Балалар – біздің басты байлығымыз. Сондықтан мектептер мен балабақшаларда балалардың қауіпсіздігін сақтау, білім беру ұйымдарындағы кәмететке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, киберқауіпсіздікті күшейту бағытында кешенді шаралар қабылдау, жас ұрпақтың алаңсыз білім алуына жағдай жасау басты міндет екені белгілі. Бұл туралы Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, облыстық Полиция департаменті



ҚАУІПСІЗДІККЕ САЛҒЫРТ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

бастығының орынбасары Ермахан Абдраманов және облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов жиын өткізіп, өзекті мәселені арнайы мамандармен талқыға салды.

Бүгінгі күні білім беру саласында басты назарда тұрған мәселенің бірі – балалардың қауіпсіздігі. Балабақша мен мектептердің көптеп ашылуы, жекеменшік ұйымдар санының артуы – бір жағынан балаларды қамту деңгейін арттырса, екінші жағынан қауіпсіздік пен сапаға қатысты талаптарды күшейтуді қажет етеді. Сондықтан біз ең алдымен осы бағыттағы жұмыстарға ерекше мән беріп отырмыз. Облыста 577 мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік тапсырыс аясында жұмыс істейді. Оның ішінде 532-сі – балабақша, 45-і – шағын орталық. Барлығы 45 мыңнан астам бүлдіршін тәрбиеленуде. Бұдан бөлек, мемлекеттік тапсырыссыз жұмыс істейтін 96 жекеменшік ұйым бар, оларда 14703 бала қамтылған. Сонымен қатар облыстағы 39 жекеменшік мектепте бүгінде 15 мыңнан астам оқушы білім алып жатыр. Мемлекеттік мектептерде 172 мыңнан астам бала қамтылған. Бұл – біздің өңірде білім беру желісі жеткілікті екенін көрсетеді. Бірақ қай оқу орнында болмасын, бірінші кезекте оқушылардың қауіпсіздігіне, қолайлы орта қалыптастыруға ерекше мән берілуі тиіс. Қауіпсіздік мәселесі – мемлекет пен қоғамның ортақ жауапкершілігі. Мемлекеттік немесе жекеменшік ұйым болсын, басты талап – балаларға жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырып, сапалы білім беру. Біздің мақсатымыз – әр бала мектепке немесе балабақшаға барған сәттен бастап өзін толық қауіпсіз сезінуі. Осы жолда біз барлық қолдауды көрсетеміз және ұрпақ тәрбиесі жолында адал қызмет етіп жүрген кәсіпкерлер мен педагогтерді әрдайым қолдауға дайынбыз, – деді Мейрамбек Зинабидінулы.

Жиында облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов ең алдымен өңірдегі білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылғанын атап өтті. – Бала – біздің болашағымыз. Сол себепті оларға жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру – ең басты міндетіміз, әрі азаматтық борышымыз. Бала өзін қорғалған және қауіпсіз ортада сезінсе, сенімді болып өседі, қоғамға бейімделеді. Өкінішке орай, барлығына ортақ міндет бола тұра, кейде жеке пайдасын жоғары қоятын азаматтардың кесірінен балалардың құқығы мен қауіпсіздігін нұқсан келетін жағдайлар да кездеседі. Осыған байланысты біз бұл мәселені үнемі назарда

ұстап келеміз. Алайда соңғы кездері балабақшаларда балаларды тасымалдау қызметіне қатысты бірқатар мәселелер байқалуда. Атап айтқанда, 374 жекеменшік балабақшаның 106-да тасымалдық ұйымдастырылып келген. Әрине, ата-аналардың көбі жұмыста болғандықтан, балаларды жеткізудің мұндай қызметіне жүгінетіні белгілі. Бірақ бұл саладағы тәртіпсіздіктің салдарынан соңғы айларда екі рет жол-көлік оқиғасы тіркеліп, қоғамда үлкен алаңдаушылық туырды. Қолданыстағы заңнама бойынша балаларды тасымалдауға қойылатын талаптар өте қатаң. Бұл мәселе – біздің ерекше бақылауымызда. Облыстық білім басқармасы алдағы уақытта да балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында тиісті органдармен бірлесіп қатаң шаралар қабылдайды. Біздің ең басты ұстанымымыз – балалардың өмірі мен денсаулығы әрқашан бірінші орында болуы тиіс, – деді А. Темірбекқұлы.

Бұдан бөлек, балабақшалардағы тасымалдау қызметінде кездесіп отырған олқылықтар да назардан тыс қалмады.

– Қазіргі таңда өңірімізде өзекті мәселелердің бірі – жол-көлік оқиғасының тыйымдауы. Өкінішке қарай, жол апаттарының негізгі себебі – жүргізушілердің жолдағы жауапсыздығы. Көлік жүргізу кезінде маневр жасау ережелерін бұзу, қарама-қарсы бағытқа шығу, басып озу, сондай-ақ жаяу жүргіншілерге жол бермеу сынды өрескел заңбұзушылықтар апатқа әкеліп соғуда. Осыған байланысты жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін арттыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстар күшейтілді. Жыл басынан бері «Балабақша» бағытындағы рейттік іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Тек соңғы іс-шара барысында 265 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 28 көлік айып аланына қойылды, 23 көліктің мемлекеттік нөмірі тәркіленді. Сонымен қатар облыс бойынша балаларды тасымалдаумен айналысатын 83 көлік құралының 61-і тексеріліп, техникалық жай-күйіне байланысты 29 әкімшілік шара қолданылды. Бірақ тек жазалау шарасымен мәселені шешу мүмкін емес. Біздің ең басты мақсатымыз – балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, – деді Е. Әділханұлы.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

ЕҢБЕК АДАМДАРЫН ТӨРГЕ ШЫҒАРДЫ



Елімізде 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды.

Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға бағытталған.

Қаламызда жұмысшы мамандықтарын насихаттап, еңбек ардагерлерінің өнегелі өмір жолын жастарға үлгі етуде ауқымды шаралар ұйымдастырылуда. Осы мақсатта Ә. Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Еңбек күніне орай «Адал еңбек – жетістіктің бастауы» атты еңбек ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды.

Шарада болашақ IT мамандары, аспазшы, кондитер және тігінші мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер өз қолдарынан жасаған өнімдерін көпшілік назарына ұсынды.

– Сіздерді осындай жиында көргеніме қуаныштымын. Себебі жұмысшы мамандықтары – жай ғана мамандықтар емес, нағыз еңбекті, төзімділікті талап ететін салалар. Тіпті олардың орнын цифрлы дәуірде ешқандай технология алмастыра алмайды. 2025 жылды Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияласа, біз жастарға қолдау білдіруге дайынбыз. Қазіргі таңда қоғамға аспазшы, наубайшы, қасапшы сынды жұмысшы мамандары қашанда қажет. Сондықтан біз сіздерді жұмысқа алып, қолдау көрсетуге әзірміз, – деді «Best Service LTD» ЖШС директорының орынбасары В.Сүгірбаева.

Бүгінгі шарада колледж студенттері көрерменге шеберлік сағаттарын ұсынды. Жас IT мамандары көпшілікке өз жобаларын көрсетсе, тігінші мамандығында оқитын студенттер этно-стильдегі киім үлгілерін сән дефилесінде паш етті.

– Биыл баршаңызға мәлім «Жұмысшы мамандықтар жылы». Бұл қатарға тігінші мамандығы да кіреді. Тігін – шабыт пен таламның тоғысы. Әрбір жан тігінші бола алмайды әрине, себебі ол туа біткен талантты қажет етеді. Сондықтан осы мамандықты игеріп жүрген студенттерге айтарым – сәнге сұраныс ешқашан азаймайды. Сұлулыққа дем беретін тігін өнері ешқашан өлмейді, – деді «Гаухар» ательесінің директоры К.Мұсаймова.

Аспаз мамандығында оқитын студенттер де өз өнерлерін көрсетіп, тағам дайындау барысында тәжірибелерімен бөлісті. Жиында студенттер бір-бірімен тәжірибе алмасып қана қоймай, жұмысшы мамандықтарының қоғам үшін маңызын айқындай түсті. Бүгінде көпшілігі тек кеңседе жұмыс істеуді армандайды. Ал шын мәнінде қоғамға жұмысшы мамандықтары ауадай қажет. Бұл шара еңбектің қадірін түсінуге септігін тигізді.

Шара соңында көрермен назарына «Тіршілік негізі – еңбек» атты кітап көрмесі ұсынылды.

Айдана БАХТИЯР



– Архив құжаттарын сөйлетіп, Қызылорда қаласы қалай астана атанғанына тоқталсаңыз...

– 1925 жылдың ақпанында Қазақ орталық атқару комитеті (КазЦИК) Президиумы республика астанасын Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшіру жайлы қаулы қабылдайды. Астананы Ақмешіт қаласына көшіру мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеу, лайықты жабдықтау жөнінде комиссия құрылып, Ақмешіт уездік қаржы бөлімінің финкассасында арнайы №13747 есепшоты ашылғаны жайлы архив құжатында баяндалған.


Перовск станциясы темір жол жұмысшыларының бастамасы бойынша Қазақстан өкіметін Ақмешітке көшіру үшін үш күн ішінде «Қызыл паровозды» жөндеуден өткізіп, Орынборға жіберді. Қазақ АКСР-і Кеңестерінің V съезі делегаттары және өкімет мүшелері бар пойыз Орынбордан республиканың жаңа астанасы Ақмешітке 1925 жылдың наурыз айының аяғында аттанды.

Үкімет пойызын жолда Сексеуіл, Арал, Қазалы, Жосалы стансаларының тұрғындары салтанатты түрде қарсы алды. Ақмешіт стансасында өткізілген митингте қазақ өлкелік партия комитетінің төрағасы Жалау Мынбаев, қала жастары атынан Әбділда Тәжібаев сөз сөйлеп, жаңа Астана болуымен жиналған жұртшылықты құттықтады.

1925 жылы 13 сәуір күні Үкімет басшылары, съезд делегаттары мінген пойыз Орынбордан Ақмешітке бет алды. Олардың қатарында С.Мендешов, Ж.Мынбаев, С.Қожанов, С.Ескараев, С.Асфандияров, Б.Аралбаев, Н.Нұрмаков, А.Оразбаевлардай ұлт зиялылары болды.

– Қазақ халқының ұлттық атауын қайтарған съезд жайлы да айта кетсеңіз...

– 1925 жылдың сәуірінде Қазақ АКСР кеңестерінің V съезіне сайланған делегаттар мен үкімет мүшелері Ақмешітке келген. Осы қалада сол кезде бес күнге созылған съезд өткен. 1925 жылы 15 сәуірде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қазақ АССР Кеңестерінің V съезі ашылды. Съездің күн тәртібіне екі мәселе енгізілді. Ұлтымыздың «қазақ» деген атауын қайтару, Ақмешітті «Қызылорда» қаласы деп атауға қаулы қабылданды. Осы қаулыны жүзеге асыру мақсатында Қызылорда уездік қалалық атқару комитеті 1925 жылы 30 мамырда барлық мемлекеттік мекемелер, кооперативтік және басқа да ұйымдарға мөр, мөртабан, мекеме маңдайшаларындағы атауын 1 ай көлемде «Қызылорда» деп өзгертуді міндеттеді.



Көп ұзамай Қазақстанның жаңа астанасы Қызылорданы абаттандыру жоспарын Астанаға сай кең көлемді, жүйелі түрде жүргізуді суретші-сәулетші И. Рянгин қолға алды. Қала тұрғындарының даму көрсеткішін ескере отырып, жоспарды алдағы 40 жылға жасауды ұсынды.

1925 жылы 13 мамырда техникалық кеңес отырысында комиссия мүшесі, қазақтың тұңғыш инженері М.Тынышбаев, И.Рянгин жасаған қаланың эскиздік жобасын баяндап, жоба қойылған талапқа сәйкес келетіндігін атап көрсетті.

Съезд қабылдаған қарарда республиканың өнеркәсібін күрделі дамыту, алдағы онжылдықта теміржол және жергілікті жол қатынасын



«Еңбекші қазақ» газеті редакциясының қызметкерлері А.Сегізбаев, К.Ғабдуллин, Н.Жолдыбаева, С.Сейфуллин, Т.Арыстанбеков, С.Мұқанов. 1925 жыл.

жетілдіру, байланыс құралын, көшпелі және селолық аудандарда жылжымалы поштаны, радио-телеграф жүйесін кеңейту жобалары қуатталды. Бұл мақсатта өнеркәсіпте Қазақстанның маман жұмысшыларын қалыптастыру шарасы белгіленді.

1925 жылы институт Қызылорда қаласына көшірілді. Оның жұмысына тәжірибелі педагогтар мен ұйымдастырушы қайраткерлер тартылды. Институт оқытушылары мен студенттері елде сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты.

ПАРАҒЫ САРҒАЙҒАН ҚҰНДЫ ДЕРЕК АРХИВТЕ САҚТАУЛЫ



Қазақ драма театрының әрістері, Қызылорда қаласы 1927 жс.

– Қызылорда қаласы Астана болған кезде білім, мәдениет саласы өркендеген болар?

– Қызылорда қаласының Астана болуы қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен білім беру жүйесінің жаңғыруына серпін берді. Бұл кезеңде бірнеше маңызды өзгеріс пен бастамалар жүзеге асты. Мұғалімдерді даярлайтын арнайы курстар, педагогикалық оқу орындары, Қазақ ағарту институты ашылды.

1925-1927 жылдары Халық ағарту комиссариаты халыққа білім беру ісін дамытып, қазақ қоғамында сауатсыздықты жою, мектептер мен интернаттар жүйесін ұлғайту науқанын бастап кетті. Осы кезде қазақ мектептерінің көбеюіне, жоғары оқу орындарының ашылуына үлкен мән берілді. Алғашқы қызметі Орынбор қаласынан бастау алған Қазақ халық ағарту институты жалпы орта мектептерге мұғалімдер дайындап шығару мақсатын көздеді. Бұл институттың оқу жоспарына сәйкес дәріс қазақ тілінде жүргізілді.



Ақмешітте өткен Бүкілқырғыздар Кеңесі V съезінің Президиумы 7.15.04.1925 жс.

қажет. Бұл ұсыныстар тағамды қауіпсіз өңдеуді қамтиды.

Азық-түлік қауіпсіздігінің бес қадамы:

- Ас үй аумағын таза ұстаның.
- Пісірілген және пісірілмеген тағамдарды бөліңіз.
- Мұқият пісіріңіз.
- Қауіпсіз тағам температурасын сақтаңыз.
- Таза су мен таза құралдарды пайдаланыңыз.

Қауіпті листерия микробтары түрлі тағамдардан жасырын жұғу арқылы ауыр ауру тудырады.

Қорыта айтқанда, листерияз – сирек кездесетін, бірақ өте қауіпті жұқпалы ауру. Оның алдын алу үшін тазалық сақтау, тағам өнімдерін дұрыс өңдеу және сақтау – ең басты шарт. Әсіресе жүкті әйелдер мен имунитеті төмен адамдар қосымша сақтық шараларын қатаң ұстануы қажет. Листерияздың вакцинасы жоқ болуына байланысты сақтық шараларына аса мән беру керек. Халықтың санитариялық сауаттылығы артып, қауіпсіздік шараларын ұстанса, листерияздың алдын алуға толық мүмкіндік бар.

А.ҚҰНАНБАЙҚЫЗЫ,

«Қызылорда обға қарсы күрес станциясы» РММ-нің дәрігер-бактериологы


1927 жылдың наурызында Қазақстан Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесі Қазақстан астанасын Алматы қаласына көшіру туралы қаулы қабылдады. Осы құжаттың негізінде Қазақ АКСР Кеңесінің VI съезі 1927 жылғы 3 сәуірде болған мәжілісте оны бекітті. Алматыны Қазақстанның астанасы етіп шешім қабылдауға Түрксіб теміржолы құрылысының ықпалы тигенін де айта кету керек.

1927 жылы республика үкіметі Қазақстан астанасын Алматыға көшіру жөнінде шешім



Қазақ АКСР-ы астанасының Орынбордан Ақмешітке көшіп келуі 1925 жс.

қабылдағанмен, ол өзінің жұмысын Қызылордада жүргізе берді. 1928 жылы Қазақстанда жаңа әкімшілік-территориялық аудандастыру ісі жүзеге асырылды. 1929 жылы әкімшілік-территориялық құрылыс аяқталуға байланысты, сондай-ақ Түркістан-Сібір темір жолы құрылысының алғашқы кезеңіне қосылғаннан кейін Қазақ АССР өкіметі Қазақстанның жаңа астанасы – Алматыға көшті.



Ақмешітті «Қызылорда» деп ашу жайлы міндетті қаулы 30.05.1925 жс.

Қазіргі уақытта Қызылорда қаласы – Сыр өлкесіндегі мәдениет пен өнердің ғана емес, облыс экономикасының даму тарихында елеулі орын алатын тұғырлы мекен. Біз өткен тарихымызды қадірлеп, қастерлеп, одан тиісті сабақ алып, мән-маңызын жас ұрпақтың зерлесіне құйып отыруымыз керек деп ойлаймын.

– Сүбелі сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Листерияз ауруы туралы білесіз бе?

Листерияз – *Listeria monocytogenes* бактерия тудыратын қауіпті жұқпалы ауру. Бұл ауру адамға жануарлардан, ластанған тағам өнімдері мен су арқылы жұғады. Әсіресе жүкті әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге, қарттарға және имунитеті әлсіреген адамдарға үлкен қауіп төндіреді.

Аурудың таралу жолдары: Листерияз бактериясы топырақта, суда, өсімдіктерде және жануарлардың ағзасында ұзақ уақыт өмір сүре алады. Адамға инфекция көбінесе:

- ластанған көкөністер мен жемістер;
- пастерленбеген сүт және одан жасалған өнімдер (қатты ірімшік, сүзбе, т.б.);
- шала піскен ет, балық арқылы жұғады.

Бактериялар тоңазытқыш температурасына төзімді. Сондықтан салқында сақталған тағамдарда белсенділігін жоймайды. Бұл – листерияздың ерекше қауіптілігін арттырады.

Листерияздың негізгі белгілері: Листерияздың жасырын кезеңі – 3 күннен 70 күнге дейін созылуы мүмкін. Бастапқы белгілері:



- дене қызуының көтерілуі,
- бұлшықет ауруы,
- жүрек айну, құсу, іш өту.

Имунитеті әлсіз адамдарда және жүкті әйелдерде листерияз асқынған түрде өтеді. Жүкті әйелдерде түсік тастау, өлі туу немесе нәрестенің туа бітті аурумен тууының негізгі себептерінің бірі – осы листерияз ауруы.

Листерияны жұқтыру мүмкіндігін қалай төмендетуге болады?

- Жалпы ұсыныстар:
- Шикі көкөністерді тұтынбас бұрын оларды мұқият жуыңыз.
- Сныр еті, шошқа еті немесе құс еті

сияқты жануарлардың шикі етін мұқият пісіріңіз.

• Көкөністерді, пісірілген тағамдарды және пісірілмеген етті тоңазытқышта бөлек сақтаңыз.

• Пастерленбеген сүтті ішпеніз және одан жасалған тағамдарды тұтынбаңыз.

• Шикі тағамдарды ұстағаннан кейін қолыңызды жуыңыз.

• Нанға, көкөніске, шикі етке жеке-жеке пышақтармен кесетін тақталарды бөлек арнау керек. Оларды таза ұстау керек.

Листерияздың алдын алу үшін жоғарыда аталған ұсыныстарды орындау

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Ортақ шешім көңілден шықты


«Ақмешіт апталығы» газетінің үстіміздегі жылғы 23 тамыз сенбі күні №63-ші санында Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек ауылына кіреберістегі «Қожак» көпірі күрделі жөндеуден өтіп, жуырда пайдалануға берілетіні жайлы «Көптен күткен қуаныш» атты шағын мақалам газет бетінде



жарық көрді. Аталған көпірді «Сол кезде колхоздың белсенді мүшесі Қожак Оразымбетұлы деген кісінің басшылығымен көпір салынған» – деп жазған едім. Бұлай жазуыма сол кездегі көзі тірі ауыл ақсақалдарының айтқандары себеп болды. Ауылдағы қазіргі қазыналы карттарымыз «Ол көпірді Қожак Бекаманов деген кісі салдырды» дегенді айтқан. Осы мәселе бойынша ауыл әкімі Сәкен Әбдіжаппаровта бас қосып, «Көпірді екі қос Қожак аталарымыз салдырған» деген ортақ шешімге келіп, таркастық. Аталған көпірдің күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілуі бәрімізге ортақ қуаныш. Облыс және қала әкіміне ауыл адамдарының алғысы шексіз.

Қ.ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ардагер

■ «ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ
ҚАРА СӨЗ

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек.

Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салып, дүниеде есепсіз ғылымның жолдары бар, сол әрбір жолда бір медресе бар, соларға тозырып, бірін сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хатта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберіп, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді.

Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағлым берсе, сонда түзелер еді.

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірілкі күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндірілкі дәулет бір кісіге бітуде мүмкін де емес.

Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гүлдегі бар ма, дүрілдегі бар ма – сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, сөз айтсаң, түгел тындап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап отырады.

Енді не қылдық, не болдық!

■ ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

«Жұлдыз құрағы» –
береке мен бірліктің белгісі

Шараның ашылуында қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев сөз сөйлеп, мерейтой аясында атқарылып жатқан игі істерге тоқталды.

– Сыр өңірі – еліміздің рухани орталығы, өнердің алтын бесігі. Бүгінгі шараның мәні де, маңызы да ерекше. Құрақ құрау – нағыз шеберлікті, тиянақтылықты талап етеді. Сыр шеберлерінің осынау еңбегі ұлттық рухты көтеріп, жас ұрпаққа өнеге болмақ. Колөнер шеберлерінің еңбегін жоғары бағалау қажет – делі Д. Тұрсынбаев

Сонымен қатар облыстық Кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық сөз алып, ұлттық құндылықтарды кәсіппен ұштастырып жүрген шеберлерге табыс тіледі.



– Колөнерді кәсіпке айналдыруда үлкен еңбекті талап етеді. Құрақ құрау – тек сәндік бұйым жасау емес, бұл – ұлттық таңбамыздың бір бөлшегі. Осы дәстүрді жаңғыртып жүрген шеберлердің еңбегі – елдің мәдени дамуына үлкен үлес қосады. Ал колөнерді дәріптеп, кәсіпке айналдыру ұлттық өнерімізге серпін сыйлары анық, – делі Пірмұхаммед Сыздық.

Орталық алаңда 100-ден астам колөнер шебері бас қосты. Олардың әрқайсысы өз қолтаңбасымен жасалған туындыларын ұсынып, халықтың ықыласына бөленді. Әсіресе, көпшіліктің ықыласына бөленген белгілі колөнер шебері Ұржамал Жайбергенова. Ол ұлттық өнерді жаңғыртуда қосқан үлесі үшін қала әкімінің арнайы алғыс хатына ие болды.

– «Жұлдыз құрағы» – ел ішіндегі береке мен бірліктің, шеберлік пен шабыттың белгісі. Әр қилыған құрақ бір-бірімен үйлесіп, тұтас бір әдемі туындыға айналғандай, халқымыз да бірлікте болып, бір-бірімен үйлесім тапса ұлы істерге қол жеткізеді. Сондықтан қазақ мәдениетінде колөнердің алатын орны әрдайым жоғары болмақ, – дейді колөнер шебері Ұржамал Жайбергенова.

Тағылымды шара соңында қонақтар ұлттық бұйымдар көрмесін тамашалап, шеберлердің қолынан шыққан дүниелерді жоғары бағалады. Әр туындыда ұрпақтың ізі, халықтың сән-салтанаты көрініс тапқандай болды.

– Колөнер ешқашан ескірмейді, ол – халықтың тарихымен, мәдениетімен бірге ізін жоғалтпаған асыл қазына іспетті. Ақмешіттің астана болғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылып жатқан бұл іс-шараның мәні зор. Өйткені мұндай мерекелер ұлттық өнерді дәріптеп қана қоймай, колөнер шеберлеріне деген құрметтің, олардың еңбегін бағалаудың айқын көрінісі болып табылады, – дейді колөнер шебері Рая Шыныбекова.

«Сыр шеберлерінің жұлдыз құрағы» осылайша ұлттық өнерді дәріптеген тағылымды басқосу ретінде есте қалды. Бұл тек Сыр өңірінің ғана емес, күллі қазақтың бай мұрасын ұлықтап, ұрпақ санасына жеткізген мерейтойлық игі шара.

А.БАХЫТЖАНҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

■ БӘРЕКЕЛДІ!

Жыр кітабының тұсауы кесілді

Сырбойлық ақын, қаламгер, облыс әкімінің «Тұран» сыйлығының иегері Ғазиза Әбділаның бұған дейін «Тансарі», «Сезім серуені» атты жыр жинақтары жарық көрген болатын. Жуырда баспадан сыршыл ақынның «Қыр гүлі» атты жаңа өлеңдер жинағы басылып шығып, жыр сүйер оқырманмен қауышты. Кітапта өмір сырлары, махаббат лирикасы, адами асқақ сезім хақында баяндалған. Автор адамзат баласына тән қарапайым сезім құбылыстарын толғанысқа толы жыр шумақтары арқылы суреттейді. Сырдың желі, қырдың гүлі, сайын дала секілді тіршіліктің сан алуан сәттерінен өрілген өлең жолдары айналасындағы жандарға ізгілік пен махаббат сыйлайды.

Қыр гүлімін!
Сайын дала,
Сақтан қалған үңгірімін.
Алай-түлей үстімнен ел көшкенде,
Ақ пен кара айқасып шендескенде,
Тарихтың талай-талай сырын бүккен,
Түркінің түп тамыры туын тіккен,
Орта Азия құрлығымын!



Нәзік болмысымен тарихтың тыл-сым сырымен үндесіп, зар заманнан да сыр шерткен ақынның мұңлы жан дүниесінің ішкі дауысы өлең болып өмірге келген. Ақын рух биігінде көшпенді елдің бейнесін де сәтті суреттей білген.

Қыр гүлімін!
Бейопа дүниенің бұлдырымын.
Сонау жыл..

Қаратаудан көшкен жұрттың,
Соңындағы ілескен мұңлығымын.
Қайран сол..
Қарашаның зарын кешкен,
Қабырғасы арса-арса,
Қара домбыраның күмбірімін..

Ақынға шабыт келмесе өндіріп өлең де жаза алмайды. Өлең өлкесіне сапар шегу үшін ең керегі шабыт пен құштарлық. Ғазиза ақын шабыт

қушағындағы сәтін де осы бір өлең иірімдерінде әсем өрнектеген. Шырт ұйқыдан оянып түн ауғанда, Шабыт бұған ақында шыдам бар ма?

Серенада жазсам ба Шәмшідейін,
Сейілден еріп кетіп сығандарға.
Ұшқыр қиял ұштасып ұлы арманға,

Шыңға біткен биіктеу шынардан да.

Өзгеше күй кешемін кейде осылай,
Өріліп өлең шіркін құралғанда.
Өнер жолы ауыр жол. Әсіресе әйелге тән тауқыметті көтеретін нәзікжандының бойында өжеттік болмаса, халқының мұң-зарын, қоғамның бей-маза сәттерін қалт жібермей, қағазға түсіріп, ұйқасы шымыр, ойы жинақы көркем дүниені өмірге әкелу кез келген ақынға бұйырмайтын бақ.

Өмірімде көп менің сұрау белгі,
Оған да үйренгенмін шыдауды енді.
Тайсалмай талай рет асып өткем,
Сұрау белгі секілді мынау белгі.
Келгенде көңіліме көктем міне,
Ойға аламын сағынып өткенді де.
Осылай нұрға бөлеп өмірімді,
Нүктені айналдырам леп белгіге! – деп өзі жырлағандай Сыр бойының сыршыл ақыны Ғазиза Әбділаның шығармашылығына шалқар шабыт тілейміз!

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

Рухани байлыққа үндеген «Kitap time – 2025»



Тағылымды шарада облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі, «Тұран» сыйлығының иегері, ақын Ғазиза Әбділаның «Қыр гүлі» атты жаңа жыр жинағының тұсаукесері өтті. Кітап жәрмеңкесіне мыңға жуық қала тұрғыны қатысты. Әсіресе жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығы ерекше байқалды.

– Бүгінгі кітап көрмесі өте ұнады. Қызықты әрі пайдалы ақпарат алдық. Кітапқа деген ынтамыз арта түсті, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Нұрай Тұрсынова.

Фестиваль соңында қала мәдениетіне, руханиятқа үлес қосып жүрген азаматтар қала әкімінің алғыс хатымен марапатталды. «Үздік кітапхана», «Үздік кітапханашы», «Үздік оқырман отбасы» номинацияларының иегерлері анықталды.

«Kitap time – 2025» фестивалі – Қызылорданың 100 жылдығына орай ұйымдастырылған мерекелік шара ғана емес, рухани құндылықты дәріптейтін айтулы мереке. Бұл бастама жас ұрпақтың бойына кітапқа деген махаббатты ұялататын. Қызылорда – бүгінгі күнде тек тарихымен емес, руханиятымен де елге үлгі бола алатындығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Бүгінгі шара қала тұрғындарын рухани тұрғыда байыта түсті.

Басы 1-бетте

Айдана БАХТИЯР

– Бүгінгі рухани шараға біз «Мен таңдаған мамандық – менің болашағым» атты кітап көрмесін әкелдік. Әдеби шығармалармен қатар кәсіби еңбектеріміз де бар. Жастарға әрдайым кітап оқудың маңызын түсіндіріп келеміз. Себебі барлық білімнің қайнар көзі – кітап, – дейді Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің кітапханашысы Бақыт Сұлтанбекқызы.

Фестивальде балаларға арналған арнайы сөрелер де жасакталды. Балғындар ертегілермен, суретті кітапшалармен, энциклопедиялармен танысты.

– Қазіргі таңда балалардың көбі смартфонға тәуелді. Сол себепті оларды кітапқа баулу тікелей ата-ананың қарауында. Бала бізден көргенін қайталайды. Сондықтан кітап оқу дәстүрін отбасынан бастау маңызды, – дейді балалар кітапханашысы Жансая Қожас.

М. Ысқақов атындағы Қызылорда техникалық ІТ жоғары колледжінің ұжымы кітап фестиваліне жоғары деңгейде дайындалғаны байқалды. – Бұл іс-шара жай ғана кітап көрмесі емес, жас ұрпақтың білімге деген құштарлығын арттырудың жолы. Саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін ең алдымен кітапты балаларымызға насихаттауымыз қажет. Осы орайда біз «Мен таңдаған мамандық – менің болашағым» атты кітап көрмесін оқырман назарына ұсынып отырмыз, – дейді колледждің кітапханашысы Жарқын Мұхитқызы.

Фестивальге еліміздің түпкір-түпкірінен «Қасым», «Сана», «Маз-мұндама» секілді баспапар қатысып, өз кітаптарын ұсынды. Жергілікті «Атамұра» мен «Кітап ал» дүкендері де жаңа кітаптарын жұртшылық назарына шығарды. Сонымен қатар «QAZAQSHA QULZ» интеллектуалдық сайысы өтті. Жеңімпаздар қаржылай сыйлықтарға ие болды.



«Kitap Time – 2025» IV жалпы республикалық фестивалі аясында «Аймақтың ата басылымы» тақырыбында облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторымен және газет ұжымымен бейресми кездесу өткізілді.

Оған «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиал төрағасы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Қуат Шарбабидинов, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, белгілі ақын «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Дүйсенбек Азияшұлы, газеттің жауапты хатшысы Дәуіржан Елубаев қатысты. Қаламгерлер қауымы басылымның шығу тарихы, таралымы, болашақтағы бағыт-бағдары жайлы тарқатып айтты. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің журналистика факультетінің студенттері кәсіби мамандарға өз сауалын жолдап, тұшымды жауап алды.

Фестивальде «Сыр бойы» салған сара жолы, «Кітап – білім бұлағы», «Поэзия рухтың қазынасы», ұлы Абайдың 180 жылдығына «Абай ауылы», Қызылорда қаласының Қазақ КСР-ның алғашқы астанасы болғанына 100 жыл толуына арналған «Тарих айдынындағы тұлғалар» атты кітап көрмесі келушілердің назарын аударды. Сондай-ақ Қызылорда қаласының Астана болғанына 100 жыл толуына арналған өлке тарихы бойынша колледж студенттері арасында «Өз өлкеңді таны» тақырыбында зияткерлік сайыс, кітап және кітап кейіпкерлері туралы «Coffee&Book» викториналық сұрақтар, балалар арасында «Өлең өрнектеген әлем» поэзия сағаты, «Әдеби библио бар» интеллектуалды ойын, «Құрақ құрау – бірігудің белгісі» тақырыбымен шеберлік сабағы ұйымдастырылған. «Бізге ертегі кейіпкерлері қонаққа келді» тақырыбында ертегі кейіпкерлерінің шеруі өтті. Сонымен қатар жастар арасында «Сыр бойының сырлы жыры» жыр кеші, «Робот – болашақтың кереметі» роботтар көрмесі және «Робототехника» үйірмесінің мүшелерімен кездесу ұйымдастырылды.

Шараға зиялы қауым мен баспасөз өкілдері, қаламгерлер, ұстаздар, студент жастар мен мектеп оқушылары, кітапхана мамандары мен оқырмандар қатысты.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» халықаралық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4019 Тапсырыс №1638

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана БАХТИЯР